



Педагог

№6(78)

(Қараша-Желтоқсан)
(Ноябрь-Декабрь)

2023

Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан
бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля
2011 года на казахском и русском языках

Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

А. Олжаева	
Гибраты мол ғалым.....	3
Ж. Жансүгіров	
Өзің үйрен, басқаға үйрет.....	7
Б. Сағындыкова	
Орыс тілді сыныптарда қазақ тілін дамыту аспектілері	9
Н. Сатыбаева	
Мектептегі тәрбие жұмыстары – өркениетті қоғам қалыптастырушы фактор.....	14
Г. Керейбаева	
Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімділігі	17
Д. Шериева	
Сабақты зерттеуді өткізу жолдары.....	20
Г. Хуанбай	
Инновационные методы в работе педагога	23
С. Бейсенбаева, М. Точинская, А. Кабдуалиева	
Речевое развитие – основа умственной деятельности младших школьников	26
А. Кучинская	
Сложноподчиненные предложения как средство развития творческого потенциала школьников на уроках русского языка и литературы.....	30
А. Султанова, Ә. Құрманғазы, К. Узгельдинова	
Организация продуктивной деятельности младших школьников	35
О. Сучкова, М. Тычинская	
Кейс-стади – современный инструмент деятельности учителя начальных классов	38
Е. Чалова	
Формирование читательской грамотности на уроках русского языка и литературы.....	41
Г. Шаланова	
Формирование самостоятельности младших школьников через развитие учебной мотивации.....	43
А. Тлесова	
Көзіңді қорға!	46

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде
15.02.2010 ж. Астана
қаласында тіркеліп, №10712-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
25.12.2023 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.
Басылым индексі: 74312

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<RADO Print>>
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясының вице-президенті.

А. Миразова — Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

Р. Кіршібаева — Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане. Выдано свидетельство №10712-Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 25.12.2023 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

<<RADO Print>>

г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.



95



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ғибраты мол ғалым

Гүлжәмила МЕЙІРОВА 1953 ж. 19 желтоқсанда Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданының Таушық кентінде туылған. Таушық 8 жылдық мектебінде 1960-1967, кейін аудан орталығы көшуіне байланысты Шетпе кентіндегі Жанажол 8 жылдық мектебінде 1967-1969 жылдары оқып, 8-сыныпты бітірген. Одан әрі 1969-71 Шетпе кентіндегі №2 орта мектепті бітірді. Сол 1971 жылы Алматы қаласындағы С.М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) химия факультетіне оқуға түсті. Аталған университетті 1976 ж. бітіріп Химик; Химия оқытушысы квалификациясы берілді.

Мейірова Г. ғылыми жұмысын университетте оқыған жылдары бастаған. Жаңадан ашылған «Жоғарымолекулалық қосылыстар химиясы» кафедрасында мамандандыру бағытын таңдап дипломдық жұмысын «А.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты» полимерлер синтезі зертханасында ҚР ҰҒА академигі Б.А. Жұбановтың басшылығымен жоғары деңгейде орындап шықты. Айта кетсек, бітіруші курстағы 150-дей студенттердің ішінен 3 адамға ғана академиялық ғылыми институтта дипломдық жұмыс тақырыбы бойынша зерттеулерді орындау мүмкіндігі берілді.

Мейірова Гүлжәмила Алматыда «А.Б. Бектұров ҚР БҒМ Химия ғылымдары институты» жанындағы диссертациялық кеңесте 1997 жылы химия ғылымдарының кандидаты, 2008 жылы химия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежелерін алу үшін ҚР ҰҒА академигі Б.А. Жұбановтың басшылығымен орындалған диссертацияларын қорғап шықты. ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 30.01.2009 жылғы шешімімен Г. Мейіроваға 02.00.06-жоғарымолекулалық қосылыстар мамандығы бойынша химия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді.



Гүлжәмила МЕЙІРОВА,
химия ғылымдарының докторы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
профессоры,
Халықаралық Ресей жаратылыстану
академиясының академигі.
Алматы қаласы.



Еңбек жолын 1977 жылы Шымкент химия-фармацевтика зауытында бастап 1977-1984 жылдары Шығыс Қазақстан облысындағы Ертіс химия-металлургия зауытында тәжірибелік-металлургиялық цехтың ғылыми зертханасында зерттеуші инженер болып жұмыс істеді.

Педагогикалық қызметте 1985 жылдан 2008 жылға дейін Ақтау қаласындағы Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінде оқытушы, аға оқытушы, доцент ретінде, 2004 жылдан бастап профессор лауазымында істеген. 2002 жылы «Химия доценті» ғылыми атағын алды. Ғылыми-педагогикалық қызметінің осы кезеңінде бірнеше рет университеттің грамоталарымен және Алғыс хаттарымен, 2001 жылы ҚР БҒМ «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Табысты еңбек жолы үшін Мейірова Гүлжамила «Қазақ энциклопедиясы» сериясына кіретін «Маңғыстау» энциклопедиясының 2006 жылғы 2-басылымына енгізілді.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде Г. Мейірова

2008 жылдан бастап Химия-биология факультетінің «Химия» кафедрасының профессоры лауазымында жұмыс істеді. 2009 жылдан 2014 жылға дейін ҚазҰПУ Магистратура және PhD докторантура институтының «Жаратылыстану мамандықтары» кафедрасының профессоры, одан әрі 2014 жылдан бастап аталған университеттің Жаратылыстану және география институтының «Химия» кафедрасының профессоры. 2013 жылы Г. Мейіроваға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры академиялық атағы берілді және РФ РЖА корреспондент-мүшесі болып сайланды.

Осы кезеңде ол өзін ғылым мен білім беру ісінің жақсы ұйымдастырушысы ретінде көрсетті. 2009 жылдан 2014 жылға дейін 6M011200-Химия, 6M060600-Химия, сондай-ақ 6D011200-Химия және 6D060600-Химия мамандықтары бойынша магистрлік және докторлық бағдарламалардың үйлестірушісі болды. Оқу бағдарламаларын жанартуға белсенді қатысты және 6M011200-Химия, 6D011200-Химия педагогика бағытындағы мамандықтары бойынша 2010 жылғы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру МЖМБ стандарттарының авторлық ұжымының жетекшісі, 3 міндетті типтік бағдарламаның авторы. 2011 және 2015 жж. 2012 жылы 6M011200-Химия, 6D011200-Химия мамандықтары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі халықаралық МЖМБ стандарттарын даярлауға қатысты. 2010-2012 жылдар аралығында Г. Мейірованың басқаруымен магистранттар мен докторанттардың ғылыми жұмыстарын ұйымдастыру үшін арнайы «Химия» оқу-ғылыми зертханасы құрылды. Сондай-ақ 6M011200-Химия, 6D011200-Химия педагогика бағытындағы мамандықтары бойынша халықаралық аккредиттеу өту үшін құжаттарды дайындауға жауапты болды. 2012 жылы универси-





тетте алғаш рет айтылған мамандықтар даярлау «Оқу бағдарламасы» бойынша халықаралық лицензия алынды.

ҚазҰПУ базасында 2010-2017 жылдарда 7 халықаралық конференция мен республикалық дөңгелек үстелдер ұйымдастыруға қатысты. Г. Мейірованың жетекшілігімен 30-дан астам магистрлік диссертациялар орындалды, оның ішінде 9 магистрант әр жылдары ҚР БҒМ ғылыми жұмыстар байқауының жүлдегерлері атанды және министрлік дипломдарымен марапатталды. Қазіргі уақытта 6D011200-Химия мамандығының үш докторантының ғылыми кеңесшісі болып табылады, оның ішінде бір докторлық диссертация қорғауға дайындалған.

Мейірова Г. ҚР БҒМ «ЖОО үздік оқытушысы-2010» грантының иегері. Университет оқу-материалдық базасын нығайтуға белсенді қатысқаны үшін 2009 және 2012 жылдары ҚазҰПУ құрмет грамоталарымен, 2015 жылы РФ РЖА «Ғылым мен білімнің еңбек сіңірген қайраткері» төсбелгісімен марапатталды. 2018 жылы Абай атында-

ғы ҚазҰПУ 90 жылдығын мерекелеуге байланысты университеттің дамуына қосқан үлесі үшін «Абай» мерейтойлық медалімен және мамандарды кәсіби даярлау ісіндегі сіңірген еңбегі үшін «Үздік Ұстаз» төсбелгісімен марапатталды.

Мейірова Гүлжамиланың химия және педагогика бағытындағы ғылыми жарияланымдары 200-ден астам, оның ішінде жоғары молекулалық қосылыстар химиясы бағытында 4 ғылыми монографияның, халықаралық Скопус базасында 2 ғылыми мақаланың және РИНЦ, КОКСОН тізімдеріне кіретін, сонымен қатар республикалық импакт-факторы бар журналдарында шыққан 76 ғылыми мақаланың, ҚР 2 патенті мен 5 алдын-ала патенттердің авторы. Педагогика бағытында жаңа оқу технологияларын жасау бойынша 4 авторлық куәлік авторы.

Ғылыми-педагогикалық қызметі кезеңінде 10 ғылыми-зерттеу жобаларының, оның ішінде ҚР БҒМ 2 іргелі зерттеу бағдарламасының (2003-2005, 2006-2008 жж.); республикалық дең-





гейде 3 шаруашылық келісім-шарттық жобалардың (60 млн.т. 2003-2006 жж.); Абай университетінің 4 ғылыми жобасының жетекшісі, орындаушысы болды.

Ғылыми жобалардың тақырыбы келесі бағыттар және тақырыптарды қамтиды, мысалы Қазақстан ауыл шаруашылығы алқаптарының басым бөлігі қауіпті егіншілікке жататын алқап, сондықтан өсу фитогормондарын қолдану ерекше өзекті болып табылады. Өсімдіктердің өсу үдеткіштерін синтездеу саласы өндірістің жоғары рентабелді түрлерінің біріне жатады, өйткені ауыл шаруашылығында қолданылатын заманауи технология қолданысында препараттардың бұл түріне жоғары сұраныс бар. Жаңа полимерлі реттеуіштер жасау және оларды кең түрде пайдалану өсімдіктердің өсуі мен дамуының, соның ішінде көкөністердің, дәндік және жемшөп дақылдарының тұқымдарының сапасын жоғарылатуға және сақтауды ұзартуға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының сапасы мен өнімділігін жақсарту үшін отандық фитогормондарды құру бағытындағы зерттеулер жалғасуда. Жыл сайын магистранттардың қатысуымен жаңа препараттарды, оның ішінде экологиялық және биологиялық қауіпсіз және табиғи қосылыстарға жақын препараттарды синтездеу және зерттеу жүргізіледі. Өсуүдеткіштердің жаңа түрлері модификацияланған табиғи полисахаридтер негізінде әзірленеді, олар ең алдымен элиталық және сорттық тұқымдардың өнгіштігін сақтауға, ауылшаруашылықта «органикалық» таза дақылдарын өсіруге арналған.

Республикада шөлейттенуге қарсы күрес және жайылымдарды қалпына келтіру мәселелері де өткір. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұндай препараттар қазақстандық аумақтардың экологиялық проблемаларын ше-

шуде де өте маңызды, себебі мемлекетіміздің 70% астамы антропогендік әсерлерге төзімділігі төмен, қуаңшылыққа тез ұшырайтын жерлер болып саналады. Мейірова Г. басшылығымен жасалған *жаңа отандық* препараттар жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін тиімді, оларды заманауи және экологиялық таза фитомелиорация технологиясында қолдану жоғары нәтиже беретіні зертханалық және әртүрлі далалық жерлерде өткізілген сынақтарда дәлелденген.

Ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша дайындалған «Биологиялық белсенді қосылыстардың полимерлік туындылары» атты монография 2011 жылы РФ ВДНХ-да өткен «28 Мәскеу халықаралық кітап көрмесінде» ерекше аталып (2-6 қыркүйек 2015 ж., Мәскеу), одан әрі Париж кітап салонының «Париж кітап жәрмеңкесі» экспозициясына ұсынылды (2016). Нәтижесінде Г. Мейірова бірінші автор ретінде Мәскеудегі 28 халықаралық кітап көрмесінің қатысушысы дипломымен, ал аталған монография Париждегі «PARIS BOOK FAIR (2016)» кітап салонының «Алтын медалімен» марапатталды.

Абай университетінде жұмыс жасаған жылдарда профессор Гүлжамила Мейірова ҚазҰПУ «Хабаршысы» жаратылыстану-география сериясы редколлегиясының тұрақты мүшесі және сарапшысы болды. Бірнеше жоғары молекулалық қосылыстарды алу, зерттеу химиясы және нанотехнологиясы монографияларының, компьютерлік технологияларды химияны оқытуда қолдану жайында оқулықтардың рецензенті. 2016 ж. Г. Мейіроваға ғылыми жобалардың сапасы бойынша ҚР МФТСО сарапшысы ретіндегі жұмысы үшін Алғыс хат берілді.

А. ОЛЖАЕВА,
Алматы қаласы



Өзің үйрен, басқаға үйрет

Барлық мамандықтардың ішінде сұранысқа ие болған, бар және әрқашан болатын мамандық бар. Бұл құрылысшы. «Құрылысшы» деген сөзді естігенде көз алдымызға басында дулыға, қолында шпагат бар адам елестейді. Бірақ құрылысшы тек кірпіш қалаушы ғана емес. Бұл — құрылыс шебері, про- раб, жобалаушы, сметашы, инженер, құрылыс университетінде немесе кол- леджінде оқытушы, сонымен қатар құ- рылысшы болып табылатын көптеген басқа мамандықтар.

Әулиекөл кентінде дәл қазір қанша- ма құрылыс нысандары жүріп жатыр, мұнда кәсіпқойлар тынымсыз еңбек етіп жатыр, олардың көпшілігі бар ғұ- мырын құрылысқа арнаған.

Әркім өз өмірін басқаруға еркін құ- қығы бар. Мен бір кездері құрылыс са- ласын таңдадым және өз таңдауымды

бақыт деп санадым. Бүкіл өмірін сүйік- ті ісіне арнаған ол кәсіби мерекесін бә- рінен де жоғары бағалайды. Құрылыс- қа, мамандыққа деген сүйіспеншілік — Әулиекөл ауылшаруашылық техни- кумында тас қалаушы болып жұмыс іс- теудің қыр-сырын үйретіп жүрген шә- кірттерімнің бойына сіңірген қасиетім осы. Бүгінгі таңда мұғалім — маманды- ғы мен үшін өзіңізді жүзеге асыруға, өз ісіңізден қанағаттану сезімін сезінуге, қоғамға және еліңізге қажет және пай- далы сезінетін қызмет. Бұл менің жан дүниемдегі мәселе. Өзің үйрен, басқаға үйрет — енді менің педагогикалық фи- лософиям осы.

Менің ойымша, арнайы пәндер оқы- тушысы — студенттердің іскер серікте- сі, олардың көмекшісі, кеңесшісі және одақтасы, жағдайға дайын шешімдер- ді ұсынатын адам емес, мәселенің ен





тиімді шешімін таңдаудағы сүйемелдеушісі.

Оқушы бойында қажетті кәсіби құзиреттіліктерді қалыптастыру үшін мұғалім жан-жақты дамыған, білімді тұлға болуы керек.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде адамдар қатал бәсекелестік жағдайға қойылды. Жоғарыда айтылғандардың барлығы мені сабақта оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендірудің тиімді құралдарын іздеуге, материалды баяндау әдістері мен тәсілдерін таңдауға шығармашылықпен қарауға, жұмыстың жаңа әдістерін іздеуге мәжбүр етеді. Сабақ уақытын барынша тиімді пайдалануға тырысып, олардың тек білімділік қана емес, шығармашылықпен айналысуына, тапсырмаларды түрлендіріп, түрлі формалар мен жаңа технологияларды қолдануға тырысамын.

Мен болашаққа сеніммен қараймын, құрылыс саласы белсенді дамып, ғылым алға қарай үлкен қадамдар жасайтынына сенімдімін.

Шәкірттеріме үнемі айтамын:

— Бәрі өз қолыңда. Жақсы оқы, көп еңбек ет, өзінді тәрбиеле. Сонда сіз өз саланыздың таптырмас маманы боласыз. Кәсіби шеберлік қай уақытта да жоғары бағаланады!

Мұғалім болу дегеніміз — кез келген ағымдағы жағдайды, кез келген тәрбиелік міндеттерді кез келген нақты жағдайда шешуге бар білімі мен тәжірибесін, өз көңіл-күйі мен ерік-жігерін жұмылдыра білу.

Көрнекті ғалым В.О. Ключевский мұғалімнің кәсіби шеберлігі үшін ең бастысы өсиетті ұстану керек деп есептеді: жақсы ұстаз болу үшін үйрететін нәрсені жақсы көру және үйрететінді жақсы көру керек. Мен ұстаздық кәсібінде осы келісімді ұстануға тырысамын.

Жаролла Искакович ЖАНСҮГІРОВ,
«Әуликөл ауылшаруашылығы
колледжі» КМҚК
арнайы пәндер оқытушысы.
Қостанай облысы.

Мектептің жаны - мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең өуелі мектепке керегі - білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім.

Ахмет Байтұрсынов



Орыс тілді сыныптарда қазақ тілін дамыту аспектілері



**Бакшагуль
Талхановна
САГЫНДЫКОВА,
№18 гимназияның
қазақ тілі мен
әдебиеті пәні
мұғалімі.
Алмалы ауданы,
Алматы қаласы.**

XXI ғасыр табалдырығын еркін атаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие және білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындау — педагогика тәжірибесінің көкейкесті мәселелерінің бірі болып отырғаны анық.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушының тілін дамытып, сөз байлығын арттыру — ең маңызды жұмыстардың бірі. Оқу орыс тілінде жүретін сыныптарында оқушылар қазақ тілін оқу барысында мұғалімнің қойған сұрақтарын түсініп, оған жауап қайтаруға, үйренген сөздерін бұзбай айтуға, әсіресе, құрамында қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолданып, сөйлемді дұрыс құруға үйретіледі. Бұл мәселені жүзеге асыру үшін, біріншіден жүйелі түрде, «онайдан қиынға принципін» басшылыққа сала отырып күнтізбегін жоспарлау қажет деп ойлаймын. Содан кейін жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың тілін дамыту үшін әр түрлі тәсілдер арқылы жұмыс жүргізу.

Осы мақсатта оқытушы әр түрлі оқыту әдіс-тәсілдерін пайдаланып, тіл дамыту жаттығуларын, ойын элементтерін және тақырыпқа сәйкес көрнекіліктер қолданады. Басты назар ауда-

ратынымыз оқу, сөйлеу, талдау, жазу жұмыстарына мұқият көңіл бөлу.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқушыларға қазақ тілінен үйретілетін сөздер біріншіден, белгілі бір тақырыптарға, екіншіден сөз таптарға қатысты болады, сол себептен қазақ тілі сабағы әрі тілдік, әрі әдебиеттік оқу материалдарын қамтиды. Кейбір грамматикалық түсініктемелер, жаттығу шарттары орыс тілінде берілетіндіктен, салыстырмалы грамматикаға байланысты мәліметтер де қамтылады. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отыр.

Әр түрлі жаңа технологияларды қазіргі мұғалімдер өз тәжірибелерінде қолданып жүр. Сонымен қатар орыс тілді мектеп оқушыларына қазақ тілін үйретуде пән бойынша жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор. Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыс оқушылардың білімін тереңдетуге, ой-өрісін кеңейтуге, олардың тілді үйренуге ынтасын, құмарлық сезімін оятуға көмектеседі. Орыс тілді мектеп оқушыларын қазақ тілінде сөйлеуге үйрету, оны оқыту әдістемесін жетілдіру — бүгінгі күннің аса маңызды мәселесі. Мектеп тәжірибесінде білім мазмұнын жетілдіру, үшін оқыту процесінің тиімді жолдары, жаңа әдістері жан-жақты қарастырылуда. Қазақ тілін нәтижелі үйрету үшін, оның оқыту әдістемесін жетілдіре түсіну-үлкен мәселе. Жалпы педагогиканың әдістерінен әр пәннің өзіне тән әдістері шығады. Менің жүргізіп жүрген пәнім орыс мектебіндегі қазақ тілі орайында әңгіме болады. Тіл дамыту — ең негізгі



жұмыстың бірі болып табылады.

Тілді дамыту дегеніміз — оқушының сөздік қорын дамыту, ойлаған ойын өз еркінше басқа адамға жеткізе алу, оның сөзін түсіне білу, қысқаша айтқанда еркін сөйлей білуге үйрену. Осыдан келіп тіл дамыту жұмысының кең аялы екенін көреміз.

Адам әрқашанда өз ойын ауызша және жазбаша жеткізеді, сол себептен бұл ұғымдар өзара байланысты. Ауызша жеткізу дегеніміз — сөйлеу. Сөйлеу — тілдің көмегімен қарым-қатынас жасау. Әр адам сөйлеу арқылы екінші адамға өз ойын жеткізе алады.

Сөйлеу әрекетінің өз сипатамалары бар. Солардың бірі — сөйлеудің мазмұнды да мәнерлі болып келуі. Егер сөйлейтін сөзде мазмұн болмаса ол сөз мәнін жоғалтуы мүмкін. Ал сөзді мәнерлеп айту — әрбір сөйлемге әсерлі үн, саз береді. Аталарымыз айтқандай, бір ауыз сөзбен адамды дертінен жазуға немесе өлтіруге болады. Демек, сөздің құдіреті өте күшті. Сабақтың пікірлесу кезеңінде оқушылар әрбір сөзді орынды қолданып, әр сөзге екпінді дұрыс қоя білуі керек. Сол жағдайда ғана олардың сөйлеу әрекеттері дұрыс қалыптаса түседі.

Әр мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне жағдай жасайды.

Тіл дамыту жұмысы, негізінен, мынадай 4 бағытта жүргізіледі.

Біріншіден, мәдени, әдеби сөйлей білу нормаларына үйрету, яғни орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру.

Екіншіден, лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту, тілдің лексика және фразеология бөлімдерінен кеңірек білім беру көзделеді.

Үшіншіден, жаңа сөздер үйрету.

Төртіншіден, оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза, әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі.

Тіл үйренуде ең басты міндет — оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру. Ол үшін:

- Оқушылардың сөздік қорын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер туралы мәлімет беру;

- Әдіс-тәсілдер туралы теориялық ұғым беру;

- Әдістерді тәжірибеде қолдана білуге үйрету;

- Қазақша сөйлеу дағдысын дамыту;

- Жазбаша тілін дамытып, орфографиядан түсінік беру;

- Сөздікті дамыту;

- Сөйлеу тілінің грамматикасын қалыптастыру;

- Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;

- Диалогтік сөзді қалыптастыру;

- Түсінгенін айта білу;

- Көркем шығармамен таныстыру;

- Сауатты жазуға дағдыландыру қажет.

Қазақ тілі сабағындағы сөздік қорды дамыту жұмыстары мынадай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол — сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, түсінігін айтқызу, көрнекілік, аударма, кітап пен жұмыс, мәтінмен жұмыс әдістері. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, тақырыптар бойынша электронды оқулықтар мен сабақты көркемдеп отырса, оқушылардың сөздік қоры біршама толығатынына сенімдімін.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқушыларға қазақ тілінен үйре-



тілетін сөздер біріншіден, белгілі бір тақырыптарға, екіншіден сөз таптарға қатысты болады, сол себептен қазақ тілі сабағы әрі тілдік, әрі әдебиеттік оқу материалдарын қамтиды. Кейбір грамматикалық түсініктемелер, жаттығу шарттары орыс тілінде берілетіндіктен, салыстырмалы грамматикаға байланысты мәліметтер де қамтылады. Қазақ тілі сабағындағы сөздік қорды дамыту жұмыстары мынадай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол — сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, түсінігін айтқызу, көрнекілік, аударма, кітаппен жұмыс, мәтінмен жұмыс әдістері.

Мемлекеттік тілдің қоғамдағы орнын көтеру үшін бүкіл жүйе болып жұмыс істеуіміз қажет. Бала енді тілі шығып, балабақшаға барып, қазақ сөздерімен танысуы тиіс. Мектеп қабырғасынан күнделікті өмірдегі, қолданыстағы тілді үйреніп шықса, жоғарғы оқу орындарын да мектеп бағдарламасын қайталамай, тілдік категорияны тереңірек оқытылса, болашақта орысша және қазақша тіл білетін маман даярлар едік. Қаншама жазсақ та, айтсақ та ісіміз оңға баспай тұр. Себебі оқушылар тек сабақта ғана қазақша сөйлеп, оны тәжірибеде қолданбайды одан гөрі ағылшын тілінде сөйлегенді ұнатады.

Осындай күрделі де ауқымды мәселені шешу үшін сөздік қорды байытуға бағытталған әдістер жайлы бағдарламды ұсынып отырмын.

Себебі сөздік қордың бай болуы маңызды мәселе. Бұған үлкен көмек беретін тақырыптық модульдік бағдарлама. Әр сабақты фонетикадан бастаған жөн болар. Дауысты, дауыссыз дыбыстарға көңіл бөліп, дұрыс айтылуы мен жазылуына, сөз, сөйлем құрастыру процесін бірізді түрде жүргізіп отырса тиімді болады.

Сөздік қорды дамытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті — Сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану. сол әдістерді ұсынып отырмын.

Түсіндіру әдісі — жаңа сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді түсіндіруде қолданады. Сабақ сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни сөздік жұмысында іске асады. Сондай-ақ қазақ тілі грамматикасының кейбір ерекшеліктері (алфавит бойынша қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды, дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке, ал дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетіндігі, екпіннің соңғы буынға түсіп, не істейді? сұрағына жауап беретін сөздердің сөйлем соңында тұратындығы, жалғау, жұрнақтардың жуан, жіңішке, екі вариантта болатындығы кім? сұрағының тек адамға қойылатындығы, ма, ме, ба, бе, па, пе деген қосымшалардың бірде жалғау болатындығы, т.б) түсіндіріледі.

Көрнекілік әдіс — сабақ сайын жүргізілетін әдіс. Басқа тілді үйретуде ең нәтижелі және жиі қолданылады. 1-2 сыныптарда түрлі суреттер мен заттарды, ойыншықтарды көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады. Көрнекілік тақырыпқа сай, көзге тартымды яғни эстетикалық жағынан жақсы, ірі екі немесе үш түстен болуы керек. Мысалы: «Ұлттық киімдер» тақырыбын өткен кезде киімдердің суретін көрсету арқылы немесе сыныпқа кәдімгі киімдерді көрсету арқылы жүзеге асып отырады. Әр түрлі тірек кестелер және таблицалармен сөздерді, сөз тіркестерін үйретуге болады. Ы. Алтынсарин натуралды әдіс туралы былай деген: «балаға айтып түсіндіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсіндірген сабақ ұғымды» деген. Бұл әдісті сөздік қорды дамыту-



ға бастауыш сыныптарда қолданады. Мысалы: Алма сөзін алманы көрсету арқылы ұғындырамыз. Бұл әдіс – жеміс-жидектер, оқу құралдары, ойыншықтар, тағамдар тақырыптарында жүзеге асады.

Келесі әдіс сұрақ-жауап әдісі.

Бұл әдіс балалардың тілін дамыту үшін манызды әдістің бірі. Қай сынып болсын, сабақтың қай кезеңінде болсын қолдануға болады. Өте белгілі де тиімді әдіс. Жас ерекшелігіне байланысты сұрақ дайындалады. Мысалы:

Сенің туған қалаң қалай аталады?

Менің туған қалам Алматы деп аталады.

Қаланың ортасынан қандай өзен ағады?

Қаланың ортасынан Үлкен Алматы өзені ағып өтеді.

Дәстүрлі сыныптық – сабақ жүйесінің барлық элементтерінің және сабақты құрастыру технологияларын қолданумен қатар, мұғалім келесі педагогикалық технологияларды пайдалана алады: ойын технологиясы, проблемалық оқыту, оқу зерттеуін ұйымдастыру технологиясы, жобалау әдісі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Интерактивтік әдіс. Интерактивтік деген сөз энциклопедияда көрсетілгендей, интеракция деген ұғымнан келіп шығады. Ал интеракция жеке индивидтердің, топтың, жұптың, өзара біріккен әрекетке бір-біріне алма-кезек әсер етуі. Бұл әдіс, әсіресе, сұхбат құруда оқушылардың белсенділігін арттырады. Бірігіп жұмыс істеуге үйретеді. Олардың ізденуін, шығармашылықпен әрекет етуін қамтамасыз етеді. Интеракция кезінде оқушылардың істі ұйымдастыра білу қабылеттері де көрінеді. Интерактивті әдіспен сабақ өткізу кезінде оқытушы кеңесші, серіктес рөлін атқарады. Ал топ белсен-

ді түрде әрекет ете отырып, бірін-бірі қолдау, толықтыру арқылы сұхбат құруға үйренеді. Екі оқушының сұхбатына үшіншісі де араласуына болады. Ол қарсы топтың оқушысы болуы да мүмкін.

Бұл әдістің негізгі мақсаты – оқу процесінің барлық сатысында біріккен әрекетке жағдай жасау. Әр оқушы жеке тапсырмамен жұмыс істей отырып, топ мүддесін ойлауға үйренеді. Әрқайсысы өз міндетіне жауапкершілікпен қарай отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге ұмтылады. Қандай әдіс болсын мұғалім өз сабағына икемдеп қолдануы керек. Осылардың ішіндегі ойын технологиясы туралы айтпақшымын.

Оқушылардың білімге ықыласын, ынтасын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын – балалардың шынайы және ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менін» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. («Мен оқушымын», «Мен және менің отбасым», «Мен жолаушымын», «Біз жолаушымыз», «Адамдардың кәсібі», «Мен кәсіпкермін», «Біз қонақтамыз»). Мұндай ойын түрлерінің ерекшелігі – жоғары көңіл-күйде ойналатын рөлдер шынайы сезімге, ойға, ниетке толы болады және бала үлкендер сияқты дәрігер, эколог, жол көрсетуші болғысы келеді. Бұл ойындарда балалардың мінез-құлықтары мен іс-әрекеттері реттеледі. Ойын іс-әрекетінің мотивациясы еркіндікті, тандау мүмкіндігін, қажеттілігін, өз-өзіне сенімін, өзін-өзі дамытуын қамтамасыз етеді.

Кейбір педагогтар мен психологтардың мектеп жасындағы балалар, ойын жасынан өтіп кетті, – деуі бекер. Зерттеулер көрсеткендей, дәстүрлі ұйым-



дастырылған оқу процесіне қарағанда, оқушылар ойынға қатыса отырып, неғұрлым аз шаршайды, оқу қызметінен жағымды эмоциялар алады.

Қорытынды

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін, тіл мәдениетін арттыру мен дамыту, сапалы білім беру — қазіргі кезде мектеп мұғалімдерінің, тіл мамандарының алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Қазіргі заман талабына сай білім беру үрдісі білімді жеке тұлғаға қарай бағыттап отырып, тұлғаны жан-жақты дамытуға, шығармашылықпен айналыстыруға жол ашып отыр. Алайда, осы іс-шаралардың барлығы мұғалімнің ұйымдастыруы мен шеберлігінің нәтижесінде іске асырылады.

«Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңында»:

«Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту» - дейтін тұжырымдар бүгінгі білім берудің мақсаттары мен міндеттерін ғана емес, тіл дамытудағы өзекжарды мәселелерді де айқындайды.

Қазақ тілі сабағында оқушыларды сөзді дұрыс қолдана білуге, өз ойын орнықты жеткізуге, еркін сөйлей білуге жетелейтін тәсілдің бірі — тіл дамыту жұмыстары. Тіл дамыту мақсатындағы жүргізілетін жұмыстар оқушының ойлау қабілетіне, сондай-ақ өз ойын жеткізе білуіне, шығармашылық ізденісіне жол ашады. Оқушының білімі ғана жетіліп қоймайды, қабілетінің, дарын көзінің ашылуына түрткі болады.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқушыларға қазақ тілінен үйре-

тілетін сөздер біріншіден, белгілі бір тақырыптарға, екіншіден сөз таптарға қатысты болады, сол себептен қазақ тілі сабағы әрі тілдік, әрі әдебиеттік оқу материалдарын қамтиды. Кейбір грамматикалық түсініктемелер, жаттығу шарттары орыс тілінде берілетіндіктен, салыстырмалы грамматикаға байланысты мәліметтер де қамтылады. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отыр. Әр түрлі жаңа технологияларды қазіргі мұғалімдер өз тәжірибелерінде қолданып жүр.

Сабақта келесідей жұмыс түрлерін қолданамын: эвристикалық және проблемалық-ізденіс әңгіме; демонстрациялық эксперимент; практикалық жұмыс; дебат сабақтар.

Сонымен қатар орыс тілді мектеп оқушыларына қазақ тілін үйретуде пән бойынша жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор. Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыс оқушылардың білімін тереңдетуге, ой-өрісін кеңейтуге, олардың тілді үйренуге ынтасын, құмарлық сезімін оятуға көмектеседі. Орыс тілді мектеп оқушыларын қазақ тілінде сөйлеуге үйрету, оны оқыту әдістемесін жетілдіру-бүгінгі күннің аса маңызды мәселесі. Мектеп тәжірибесінде білім мазмұнын жетілдіру үшін оқыту процесінің тиімді жолдары, жаңа әдістері жан-жақты қарастырылуда. Қазақ тілін нәтижелі үйрету үшін, оның оқыту әдістемесін жетілдіре түсіну-үлкен мәселе. Жалпы педагогиканың әдістерінен әр пәннің өзіне тән әдістері шығады. Менің жүргізіп жүрген пәнім орыс мектебіндегі қазақ тілі орайында әңгіме болды. Тіл дамыту — қазақ тілі пәні бойынша әрбір сабақтың ең негізгі мақсаттарының бірі болатындығы осы жұмыста дәлелденді.



Мектептегі тәрбие жұмыстары — өркеніетті қоғам қалыптастырушы фактор



**Нұржан
Қожадиясқызы
САТЫБАЕВА,
№32 жалпы білім
беретін мектеп
директорының
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары.
Түркісіб ауданы,
Алматы қаласы.**

«Білім мен тәрбие — егіз» деген ұғым санамызда ертеден қалыптасқан. Сол ұғымды қалыптастырған ата-анамыз бен ұстаздар қауымы, жалпы қоғам. Қоғамымыздың ілгері дамуының өзі ғылым мен білімге тікелей байланысты. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - дейді Мағжан Жұмабаев. Сонда сол халықтың қаны мен жанын, рухын бойына сіңіреді. Еліміз егемендігін алып, тәуелсіздік туы биікке көтерілген қазіргі кезеңде бүгінгі ұрпақтың қоғамымыздағы жанау процесін жүзеге асырудағы жүргізген жұмысы баршылық. Жеке ел болып дербес даму жолына түскен осы бас-тамамызды баянды етіп, нығайта түсуде жеткіншектерге жүктелер міндет те ерекше үлкен. Ал еңсе тіктеген Қазақстандай жас мемлекет үшін бұл міндет ауқымдала түспек. Өйткені Отанымыздың, қоғамымыздың келешектегі шын жанашыры да, арқа сүйері де осынау жас ұрпақ арасынан шықпақ. Демек, оларды лайықты із-басар етіп дайындау, тәрбиелеп шығару үшін білім ордаларындағы білім, тәрбие

жұмыстарын күшейтіп, ұлттық ұлағаттылыққа баулып өсіру міндеті бар.

Адамзатты тәрбиелеу — ұзақ және күрделі процесс. Жеке бастың қалыптасуы, оның рухани жағынан дамуы бала кезден бастау алады. Жас шыбық иілуге қандай икем болса, бала да тәрбиені қабылдауға сондай бейім. Соңғы жылдары жалпы білім беретін мектеп пен жалпыға бірдей орта білім беру ісін дамыту, жаңарту проблемаларының ауқымдылығы соншалық, оған жас ұрпаққа білім беру саласында жүрген азаматтармен қатар, ұлт тәрбиесіне бей-жай қарамайтын әрбір адам өз үлесін қосуда.

Отбасы — адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы — адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес.

«Ел болам десен, бесігіңді түзе» деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып тұр емес пе? Отбасы мүшелерінің жас шамасы әр түрлі болса да, олардың арасында бір-бірімен рухани жақындығы, мақсатынтымақтастығы бар.

«Отан отбасынан басталады» деген сөздің мәнісі де осында. Ата-ана өз



отбасын нығайта отырып, сонымен бірге оның балағатқа толған мүшелерін үй болуға, өз шаңырағын көтеруге әзірлеуі басты әрі өте жауапты міндет болып саналады.

Әке мен ананың баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері — баланың «әдепті бала» болып өсуі. Сондықтан қазақ жанұясы әрдайым: «Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма» деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып өсірген.

Қазақ отбасында өз баласын мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірген. Үнемі жанұясында осылай тәрбие көрген бала ақырында, өздігінен тіл алғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болып шыға келеді. Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап-құрметтеуді үйреткен. Сонымен қатар, балаларының ер-азамат болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған. Отбасының ұйытқысы, берекесі, мейір-шапағат көзі — ана. Анасының әкесіне деген қарым-қатынасының өзі — балалардың әкеге көзқарасының сипатын анықтайтын берік есте болуға тиіс. Мұның өзі, бір жағынан, үй ішіндегі әдептің бастау көзі екені анық. Демек, балалар үшін әке беделі аналарының сөзі, іс-қимылы, қас-қабағы арқылы қалыптасады.

Қазіргі заманымыз жақсарып, халықтың әл-ауқаты артып келеді. Дегенмен де әр түрлі діни көзқарастағы адамдардың үгіт-насихатына балалардың еріп кетпеуін қадағалағанымыз жөн. Ата-аналар балаларды мүмкіндігінше көп уақыт үйде жалғыз қалдырмауға, немен шұғылданатынын, мек-

тепке қалай барып келуін, күнде қанша сабақ болып, қаншада қайтатынын біліп отырулары керек. Баланың сабақтан тыс уақытын қалай ұйымдастыру керек? Олардың кітап оқуына, мәдени тынығуына жағдай жасап көмектесу қажет. «Тәрбие отбасынан басталады» десек те, күйбең тіршілікке алданып жүріп, отбасындағы әрбір баланың әрекетін, қылықтарын бағалап, бағыт-бағдар беруге көңіл кейде аз бөлінеді. Әрбір ата-ана баласының ынтасын, қызығушылығын байқап, оның өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасап, ықпал етуі керек.

Біздің мектебімізде тәрбие мәселесі ерекше назарда, себебі қазіргі таңда әлеуметтік желілер мен смартфоннан бас алмайтын ұрпақ өзінің виртуалды әлемінде өмір сүріп, шынайы өмірдің қызығын байқамай қалатын өкінішті сәттерге куә болып жатырмыз. Сондықтан жеткіншектерді сынып сағаты, мерекелік шаралар, ашық тәрбие сағаттары, кездесулер мен кештер арқылы қоғамдық өмірде өзінің белсенділігін таныта алатындай етіп тәрбиелеудеміз. Сан түрлі сайыстар оқушылардың зердесін ашып қана қоймай, белсенді және тапқыр болуға ықпал етеді. Сондықтан сабақ процесімен қатар тәрбие процесіне белсене қатысатын оқушылар саны көбеюде. Бұның өзі көңіл көншітетін ақпарат екені рас.

Бала — Отанымыздың келешегі, біздің жалғасымыз. Сондықтан бала тәрбиесі — баршамызға ортақ іс. Әр ата-ана өз баласын еліне, халқына шын берілген, халқын құрметтей алатын, дені сау, білімді, еңбексүйгіш, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеуді борышым деп есептеуі керек.



Көшеде өтіп бара жатып кейбір тұлға болуымыз шарт. Осыдан-ак балалардың бейәдеп сөздерін естіген кезде бірден ескерту жасаймын, тәрбие процесі үздіксіз жалғаса беретін үдеріс екенін аңғарамыз. себебі ондай әдепсіздікке біздер, Сайып келгенде, қоғамда әдеп-ересек қауым бей-жай қарасақ, өсінабат өлшемдерінің терең тамыры-келең ұрпақ әдепсіздігін әдепсіздік-ланып, кең жайылуында отбасының-деп санамауы мүмкін, яғни олардың-маңызы орасан зор. Әрбір ұяның-бойында қоғамдық орында өздерін-қос тіреуі — ата-аналар өздеріне-әдепті ұстауды күнделікті өмірде, әдеп-адамгершілік талаптарын, құ-қоғамдық орындарда да үйретіп жү-қықтары мен міндеттерін мүлтіксіз-руге шақырамын. Нағыз тәрбие — ол-орындаса, бүкіл қоғамда, елде бей-жұмыла жүргізген тәрбие деп айтар-біт те берекелі тұрмысқа негіз қа-едім. Сондықтан, өзіміздің азамат-ланбақ, демек, ұрпақтарына құтты-тық борышымызды ұмытпай, өске-қоныс, жайлы болашақ қамтамасыз-лең ұрпаққа үлгі-өнеге болатындай-етілмек!



Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімділігі



Гульбану Муратбековна КЕРЕЙБАЕВА,
«А.С. Иванов атындағы Выдриха жалпы орта
білім беретін мектеп-балабақшасы кешені» КММ-
нің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі.
Шемонаиха ауданы,
Шығыс Қазақстан облысы.

Қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып жүрген жаңа технологиялардың бірі — оқушылардың жазу мен оқуда сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Осындай әдістеме негізінде жасөспірімдерге қазақ тілі мен әдебиетінен терең де тиянақты білім беруді өз тәжірибемде жиі қолданамын. Осы технология бойынша арнайы семинар-курстан өттім.

Мен осы мақаламда «сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының басты ерекшеліктері мен қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарындағы қолданылу жолдарына тоқталмақпын.

Алдымен, бұрыннан өткізіп жүрген дәстүрлі сабақтар. Мен қазіргі жаңа





оқыту технологиясы негізінде өткізілген сабақтарды салыстыра отырып, төмендегі айырмашылықтарды байкадым.

Дәстүрлі сабақтар үрдісінде

Мұғалімнің әдістері	Оқушының іс-әрекеті
1. Тақырып түсіндіреді.	1. Мазмұнын айтып береді.
2. Кейіпкерлер туралы немесе қазақ тілі бойынша ережелерді түсіндіру.	2. Кейіпкерлерге мінездеме береді, қазақ тілі бойынша ережені айтады, жаттығу орындайды.
3. Шығарманың идеясын анықтайды, талдайды.	3. Мұғалімнің түсіндіргенімен байланыстырып айтады.
4. Шығарма жазу тапсырылады.	4. Тақырып бойынша шығарма жазады.

«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы бойынша өткізілген сабақтар үрдісіндегі өзгерістер және нәтижесі

Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
1. Топқа бөліп, ой қозғайды.	1. Топтарда жұмыс жасайды.
2. Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды.	2. Мәтінмен өздері танысады.
3. Шығармадағы ең құнды мәселелерді анықтау ұсынылады, зерттеледі.	3. Әр түрлі әдістер арқылы шығарманы саралайды.
4. Образдылық ерекшелігін тануға бағыттайды, орнына өздерін қойып қарайды, салыстырады.	4. Жеке кейіпкерлерді талдайды, олардың іс-әрекетін зерттейді.
5. Ойларын жазуды ұсынады.	5. Ой қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді.
6. Қорытынды жасауға бағыттайды.	6. Тұжырымдама жасайды.

Осы салыстыру кестелерінен «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының негізгі қағидаларының шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталғандығын көреміз. Академик Лернер бойынша білім-мәліметтер мен деректер, икемділіктер мен дағдылар, шығармашылық іс-әрекеттер, көңіл-күй құндылық бағдарларынан тұрады. Осыны ескерсек, сын тұрғысынан ойлау сабақтарында осы аталған бағдарлардың іске асып, нәтижесін беретіндігіне күмән болмайды. Оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез келген сабақтың дамытушылық, тәрбиелілік мүмкіндіктерін пайдаланып және осы жүйені қолдану барысында қазақ тілі мен әдебиет са-



бағында оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту ойдағыдай жүзеге асырылады.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарын «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы стратегиялары негізінде құрып оқыту, яғни сыни тұрғыдан ойлау тәсілін іс-тәжірибеме енгізу нәтижесі жеткіншектер бойында мынадай іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға болатынын байқатты:

- Әрбір оқушы өзінің жеке ойымен, өмірге деген көзқарасымен және ойлау қабілетімен ерекшеленеді;

- Жеке дауысты (кейіпкер, жазушы, бірге оқитын оқушы) қабылдауға үйренеді;

- Ойын жаңа ақпараттар арқылы білдіреді (мағынаны тану кезеңінде);

- Өз ойларын толық, дұрыс тұжырымдайды;

- Өз біліміне сүйеніп, мәселенің шешімін дұрыс тауып, ойын жеткізе біледі, яғни «Мен» деген сөзді ұғады.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытуда шығарма жазуды үйретудің стратегияларын практикамен сабақтастыру тәсілінің өзіндік үлгілері бар. Соларға тоқталайық. 7-сыныпта қазақ әдебиеті пәнінен С. Мұратбековтің «Жусан исі» тақырыбын «сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы тұрғысынан өткіздім.

I. Қызығушылықты ояту барысында оқушыларға әңгімені талқыламастан бұрын сөзден үй салып, мықты үйді, мықты біліммен құраймыз. Үй салу үшін ең бірінші іргетас құрайық.

I. Іргетас

1. Әңгіменің авторы туралы кім не біледі?

2. Осы автордың өткен сыныптарда оқыған шығармаларын білесіңдер ме?

3. Қандай шығармасын өттік? Мазмұны қалай еді?

II. Қабырға

1. Әңгіме оқиғасы қай жылдарда болып еді?

2. Әңгімеде халыққа түскен ауыртпалық пен қиыншылықтар, қайғы-қасірет қалай суреттеледі?

III. Шатыр

1. Аяанның алғашқы ертегісі қандай оқиғаға байланысты айтылатын еді?

2. Оның «ертеде бір жетім бала болыпты» деп басталуымен қандай байланысы бар?

IV. Терезе

1. «Жылауды әркім біледі. Мықты болсаң нағыз еркектерше қиыншылыққа жыламай бақ», - дегеннен қандай, мінез қасиеттерді байқауға болады? Бұл қасиетін қай сәттерден көруге болады?

2. Жусан исінің Аян үшін қандай маңызы бар?

